



**«Саясаттану және әлеуметтану негіздері, экономика негіздері, құқық негіздері»  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын әзірлеу.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Әлеуметтік - экономикалық пәндер» мамандығы, **Саясаттану және әлеуметтану негіздері, экономика негіздері, құқық негіздері** біліктілігіне арналған «Саясаттану және әлеуметтану негіздері, экономика негіздері, құқық негіздері» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Бөлім	№	Тақырып
01	Кіріспе. Саясаттану ғылымының пайда болуы және дамудың негізгі кезеңдері	01	Саясаттану ғылым ретінде, Әлемдік саяси ой-пікірлер тарихы, Қазақстандағы саяси ойлар тарихы
02	Экономика теория негіздері	02	Экономика және оның қоғамдағы рөлі, Экономика теориясының пәні мен әдістері
			Меншік және әлеуметтік-экономикалық құрылыс
		03	Өндірісті ұйымдастырудың жалпы түрлері. Өндіріс және нарық
03	Саясаттану ғылымы мен әлеуметтану ғылымы қоғамдық ғылым ретінде	04	Билік саяси феномен ретінде, Қоғамдағы саяси жүйе, Мемлекет – саяси жүйенің басты элементі
		05	Саяси режимдер, Саяси партиялар және партиялық жүйелер, Саяси элита және саяси көсемдік
		06	Саяси сана және саяси идеология, Саяси мәдениет, Саяси қалыптасу және әлеуметтік тәртіп, Саяси процесс және саяси іс-шаралар, Халықаралық қатынастар
		07	Мемлекеттің сыртқы саясаты, Әлеуметтану ғылым ретінде.
04	Микроэкономика негіздері	08	Ақша және банктік жүйе
		09	Нарық және оның заңдарының қызмет етуі.
		10	Бәсекелестік және монополия Бизнес, әлеуметтік-экономикалық мән және кәсіпорын, Жеке капиталдың ұдайы жаңғыртылуы Еңбекақы, Табыс, пайда.
05	Макроэкономика негіздері	11	Ұлттық шаруашылықтың циклдік өсу қарқыны, Ұлттық шаруашылық экономиканың өсу қарқыны, Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу.

06	Мемлекет пен құқық туралы, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар	12	Мемлекет туралы негізгі түсініктер, Құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер.
07	Бүкіл әлемдік экономика негіздері	13	Бүкіл әлемдік экономика және әлемдік нарық. Қоғам алдында тұрған негізгі экономикалық проблемалар, Әлемдік мәселелер
08	Негізгі құқық салалары	14	Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы – жетекші құқық саласы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығының негіздері. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық.
		15	Қазақстан Республикасының азаматтық және отбасы құқығының негіздері. Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы негіздері. Салық құқығының негіздері
		16	Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықпен басқа да қылмыстар. Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және құқық қорғау органдары.
Мән-мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Саясаттану ғылымының пайда болуы және дамудың негізгі кезеңдері.** Саясаттану ғылым ретінде. «Саясат» терминінің мағынасы. Саясаттың пайда болуы. Билік саясаттың негізі ретінде. Саясаттың маңызы және оның қоғамның басқа салаларымен байланысы. Әлемдік саяси ойлау тарихы. Ежелгі Шығыстың саяси ойы (буддизм, конфуцийшілдік, даосизм, легализм). Ежелгі Греция мен Ежелгі Римнің саяси ойы (Плата, Аристотель, Полибий, Цицерон). Саяси ой тарихындағы еуропалық орта ғасырлар (Марк Аврелий, Фома Аквинский, Мартин Лютер). Ренессанстың зайырлы саяси ойы (Н. Макиавелли, Томас Мор) Еуропалық ағартушылықтың саяси идеялары (Томас Гоббс, Джон Локк, Чарльз Луи Монтескье, Жан-Жак Руссо). 19 ғасырдағы еуропалық саяси ой. Утопиялық социализмнің саяси идеологиясы. Марксизм. Қазақстандағы саяси ойдың қалыптасуы мен дамуы. Әл-Фарабидің мемлекеттік құрылым туралы көзқарастары. Ж Баласағұн, Қорқыт-Ата, Қожа Ахмет Яссауидің көзқарастары. 17-19 ғасырлардағы қазақ саяси ойының эволюциясы (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев). 20 ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси ойы. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Т.Рысқұлов, С.Садвақасов, С.Қожанов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытовтың саяси идеялары., С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров және басқалар. Қазіргі шетелдік және қазақстандық саясаттану: дамудың негізгі бағыттары.

**Экономика теория негіздері.** Экономика түсінігі. Нарықтық экономикаға жалпы сипаттама. Қазақстан Республикасындағы ауыспалы кезең сипаттамасы. Экономикалық теория пәні мен әдістері. Экономикалық заңдар. Қажеттіліктер мен шектеуліктер. Негізгі экономикалық категориялар (өндіріс, қоғамның негізгі өндірістік күштері, өндіріс құралдары, еңбек, жұмыс күші, еңбек заты, еңбек құралдары, тапшылық, артықшылық). Меншік теориясы. Меншік қатынасының құрылымы. Қазақстандағы меншік жүйесінің реформалары. Өндіріс түсінігі. Натуралды және тауарлы өндіріс. Тауар және оның қасиеті. Құн заңының функциялары. Еңбек өнділігінің мәні. Жұмыскердің нарықтық экономикадағы рөлі. Еңбек өнімділігін көтеру жолдары. Өндіріс шығындары (қалыпты, ауыспалы, жалпы, шекті) және пайда. Негізгі және айналым қорлары. Капиталдың ұдайы жаңғыртылу түсінігі. Ғылыми-техникалық прогресс және жинақтау тиімділігі.

**Саясаттану ғылымы мен әлеуметтану ғылымы қоғамдық ғылым ретінде.** Билік саяси феномен ретінде, Қоғамдағы саяси жүйе. Мемлекет – саяси жүйенің басты элементі. Саяси режимдер. Саяси партиялар және партиялық жүйелер. Саяси элита және саяси көсемдік. Саяси сана және саяси идеология. Саяси мәдениет. Саяси қақтығыстар және әлеуметтік тәртіп. Саяси процесс және саяси іс-шаралар. Халықаралық қатынастар. Мемлекеттің сыртқы саясаты. Әлеуметтану ғылым ретінде.

**Микроэкономика негіздері.** Ақшаның мәні және оның пайда болу тарихы. Ақша түрлері және қызметі. Банкердің түрлері мен қызметі. Қазақстан Республикасының банк жүйесі. Еркін бәсекелестік. Нарықтық шаруашылықтағы бәсекелестіктің рөлі. Монополиялық нарықтың түсінігі. Монополия түрлері. Қазақстан бәсекелестік нарық жолында. Кәсіпкерлік: түсінігі, негізгі сипаттары және даму шарттары. Кәсіпкерліктің түрлері. ҚР территориясындағы кәсіпкерліктің ұйымдық - құқықтық нысандары. Кәсіпкерліктің ұйымдастыру-экономикалық нысандары. Капитал: мәні және шаруашылық өмірдегі маңызы. Айналым капиталы, құрамы және маңызы. Еңбекақы түсінігі - еңбек ресурстарының құны ретінде. Еңбекақы мөлшерін анықтайтын факторлар мен шарттар. Табыс, пайда. Өндіріс шығындары. Шығындардың түрлері. Пайда экономикалық категория ретінде. Маркетинг. Нарық экономикасында кірістер.

**Макроэкономика негіздері.** Экономикалық өсудің және оның түрлерінің мәнділігі. Экономикалық кезең. Нарық экономикасының кезеңдік дамуының себептері. Қазақстандағы 90-шы жылдардағы тоқырау. Өндіріс кезеңін мемлекеттік реттеу. Жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық. Ақша айналымының тұрақсыздығы. Құнсыздану. Нашар дамыған елдердегі экономикалық өсудің стратегиясы. Экономикалық қарқынның мәні мен түрлері. Ұлттық шаруашылықтың экономикалық өсу қарқыны. Ақша-несие жүйесінің мәні. Мемлекеттік бюджет.

**Мемлекет пен құқық туралы, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар.** Мемлекет туралы негізгі түсініктер. Мемлекеттің шығу тегі туралы алғы шарттар. Құқық ұғымы мен негізгі белгілері. Қоғам өміріндегі құқықтың рөлі. Құқықтың өзінің құрылымы, оның салаларға, институттарға бөлінуі. Қазақстанның негізгі құқықтық салалары.

**Бүкіл әлемдік экономика негіздері.** Қазіргі заман экономикасы. Экономиканың жаһандану тенденциясы. Заманауи халқыралық сауда және валюталық қатынастар. Валюталық бағам. Капиталдың ауысуы және жұмыс күші. Экономикалық интеграция. Халықаралық валюта-несие жүйесі. Жаһандану экономикасының тұрақсыздығы. Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуы. Адамзаттың ғаламдық мәселелеріне сипаттама. Әлемдік мәселелер (терроризм және т.б.) шешу саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.А. Назарбаевтың бітімгерлік процессіндегі рөлі. «Жасыл экономиканың» негізгі міндеттері. Қазақстандағы «Жасыл экономиканы» дамыту тұжырымдамасы. «Жасыл экономиканы» дамытудың жеті негізгі бағыттары.

**Негізгі құқық салалары.** Конституциялық құқық - Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының жетекші саласы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және билік органдарының жүйесінің құқықтық нормалар жиынтығы. Конституциялық құқықтық нормалар мен оның түрлері. Құқықтық институттар. ҚР конституциялық құрылысы ұғымы. ҚР - құқықтық, әлеуметтік, зайырлы, демократиялық мемлекет. Республикалық басқару формасы. Мемлекеттік құрылыстың унитарлық формасы. ҚР- президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Заң шығарушы билік негізі - парламент. Атқарушы билік органы жүйесі. Конституциялық Кеңес - конституциялық бақылау органы. ҚР сайлау құқығы ұғымы мен жүйесі. ҚР сайлау жүйесі.

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығының негіздері.** Әкімшілік құқық пәні, әдістері және жүйесі. Әкімшілік - құқықтық нормалар ұғымы және түрлері, оларды жүзеге

асыру. Атқарушы органдардың құқықтық мәртебесі және ұғымы. Атқарушы билік саласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі. Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет принциптері және ұғымы. Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес туралы ҚР Заңы. Негізгі ұғымдары. «ҚР Мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексі» сақталуы. Азаматтық құқығы ұғымы. Азаматтық құқықтық қатынастың ұғымы мен түрлері. ҚР азаматтық құқығы қайнар көздері. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің түсінігі және түрлері. Заңды тұлғалар азаматтық құқықтың субъектісі ретінде, олардың түрлері. Азаматтық құқықтағы жауаптылық. Тұтынушылардың құқықтары және оларды қорғау. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу. Ителлектуалдық меншіктің құқықтық ережелері. Жеке меншікті қорғаудағы азаматтық құқық институттары. Міндеттелген құқық негіздері. Отбасылық құқық ұғымы. Некелік-отбасылық құқықтар мен міндеттер.

**Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету құқығы негіздері.** Салық құқығының негіздері. ҚР қылмыстық құқығының негіздері. Құқық қорғау органдары: сот, төрелік сот, Конституциялық сот (Қазақстанда Конституц. кеңес). прокуратура, ішкі істер органдары, мемлекеттік қауіпсіздік (Қазақстанда Ұлттық қауіпсіздік), кедендік бақылау, әділет органдары. ҚР Прокуратурасының жүйесі, құрылымы, қызметі.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа -1,5-2 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.


#### **9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рахымбаева А, Саясаттану, Астана: Фолиант, 2012.
2. Экономикалық теория негіздері, Оқулық А.И.Баданов, Ж.А. Орынханова, А.Д. Умбеталиева, С.Т. Ыбышова, А.К. Кесимова, А.С. Игисинова - Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2009:
3. Экономикалық теория негіздері, Оқулық Экономикалық теория, Оқулық, А. Н. Доғалов. Н. С. Досмағанбетов - Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2014:
4. А.С.Ибраева, Л.К.Еркінбаева т.б Құқық негіздері 11-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: «Мектеп» 2020:
5. А.С.Ибраева, С.К. Есетова, Г.Т.Ишанова, С.Б.Гончаров. Құқық негіздері 10-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: «Мектеп»2020:

6. Абдыкалыков У. К. Симтиков Ж. Қ. Саясаттану. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық,

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті



(қолы)

(Т.А.Ә)

«    »

2023ж.

